

**"Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2009 жылғы 16 ақпандағы № 376 қаулыға өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 5 маусымдағы N 494 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 22 маусымда N 5-19-100 тіркелді. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 01 қыркүйектегі N 97 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2011.09.01 N 97 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасы, 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» № 2247 Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» № 39 Заңының 16-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының № 95-IV Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына сәйкес азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында, Шемонаиха ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 16 ақпандағы № 376 қаулыға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 26 ақпанда 15-19-93 нөмірімен тіркеліп, «Уба-Информ» газетінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 12 жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген әлеуметтік төлемдерді тағайындау және жүзеге асыру жөніндегі Нұсқаулықтың:

- 1) 3-тармақтағы «Тәртіп» сөзі «Шарт» сөзімен ауыстырылсын;
- 2) 3-тарауда «Азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік төлемдерді тағайындау тәртібі» тақырыбындағы «Тағайындау тәртібі» сөзі «Тағайындау» сөзіне ауыстырылсын;

3) 4-тарауда «Мерекелік күндерге арнап азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік төлемдер тағайындау тәртібі» тақырыбындағы «Тағайындау тәртібі» сөзі «Тағайындау» сөзіне ауыстырылсын.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен кейін қолданысқа енеді.

*Шемонаиха ауданының әкімі*                      *Г. Ермолаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК